


«Келісемін»

директордың тәрбие ісі жөніндегі

орынбасары



А.К.Дүйсембай

«Бекітемін»  
«№7 Хромтау мектеп-гимназиясы»КММ

директоры

Э.К.Культаева



02.09.2021

## ИНТЕРНАТТА ТҰРУ ЕРЕЖЕСІ (таныстыру парағы)

1. Интернатта тұру құқығына қаладан тыс жерде тұратындар ғана ие
2. Оқушы интернат ережесі мен тәртібін сақтауы және орындауы міндетті.
3. Интернатта тұратын оқушы мемлекет мүлкінің сақталуына жауапты. Сындырған немесе жоғалтқан жағдайда, баланың ата-анасы 10 күннің ішінде мүлікті қалпына келтіруге міндетті.
4. Ата-ана уақытында жеткізуге (тапсыруға, орындауға) міндетті талаптар, құжаттар мен заттар: - демалыстан және ауырудан соң баланың жағдайы туралы медициналық анықтаманы; - гигиеналық заттар (әжетхана қағазы, сабын, майлық, 4 сыныптан бастап критикалық күндері төсемдер, тіс пастасы, шетка, парақ және т.б.) – жыл мезгіліне байланысты киім; Шерулік – концерттік (ақжейте, шұлық, қара туфли, галстук, бабочка, ақ бантик, ақ блузка) күнделікті мектеп киімі;
5. Дәрі, препараттарды (дәрігердің нұсқауы бойынша) қолдану мектеп-интернатының дәрігер-педиаторының кеңесінен кейін ғана берілуге тиіс.
6. Интернатта тұратын оқушылардың (бекітілген ереже бойынша) ата-анасы тамақтану тегін.
7. Интернатта тұру ережелерін бірнеше рет бұзған интернат тәрбиеленушілері әкімшіліктің, атап айтқанда; интернат меңгерушісі, басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, психологтің ұсынуымен директор басшысының шешімі бойынша интернаттан шығарылады.
8. Баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін созылмалы аурулар туған жағдайда әкімшіліктің, атап айтқанда; интернат меңгерушісі, дәрігер, психолог, дәрігер ұсынысымен директор басшысының шешімімен интернаттан шығарылады.
9. Бағалы әшекейлер, ақша, уялы телефон, барлық мүмкін компьютерлік техникаға тыйым салынады
10. Ата –аналардың 1,2 қабаттағы бөлмелерге кіруіне және жүріп-тұруына қатаң тиым салынады.
11. Жатақханадан шығуға оқу сабақтарына қатысу үшін және басқа ерекше жағдайларда рұқсат етіледі. Тұратын адамдардың ғимаратқа кіруіне және одан шығуына, жатақханаларға бөгде адамдардың кіруіне жол берілмейді.

12. Жатақхананың әрбір қабаты жанаспайтын шашыратқыш диспенсерлермен немесе оларды құюға арналған дезинфекциялық ерітіндісі бар санитайзерлермен жабдықталады.

13. Жатақханаларда қашықтықтан оқыту үшін жағдай жасалады (тұрмыстық жағдайлармен, компьютермен, интернетпен қамтамасыз ету).

14. Қашықтан оқыту форматында оқу кезінде жатақханаларда тұратын адамдар азық-түлік дүкендері мен дәріханаларда сатып алу үшін шығуды қоспағанда, тұрақты тұратын орындарына немесе өзге де орындарға шықпайды.

15. Білім алушылар қашықтан оқыту режимінде жатақханадан уақытша шыққан кезде жатақханадан шығу уақытын, қайтып келу уақытын және ол жіберілетін орынды көрсете отырып, білім беру ұйымын жазбаша, оның ішінде электрондық байланыс арқылы хабардар етеді.